

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 ақпандағы N 205 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қыркүйектегі N 985 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері және Мемлекеттік астық ресурстарын сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережесі мен Мемлекеттік астық ресурстарының орнын ауыстыру бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 ақпандағы N 205 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 9, 103-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

"405722 (төрт жүз бес мың жеті жүз жиырма екі) тоннаға дейінгі" деген сөздер "368250 (үш жүз алпыс сегіз мың екі жүз елу) тоннаға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін, қосымша құн салығын қоса алғанда 14700 (он төрт мың жеті жүз) теңгеден кем емес баға бойынша 3167850000 (үш миллиард бір жүз алпыс жеті миллион сегіз жүз елу мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 215500 (екі жүз он бес мың бес жүз) тоннаға дейінгі көлемдегі азық-түліктік жұмсақ бидай астығын; бұл ретте есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін 10520 (он мың бес жүз жиырма) теңге есебімен 2267060000 (екі миллиард екі жүз алпыс жеті миллион алпыс мың) теңге сомасына 2003 жылғы 25 шілдеге дейінгі мерзімге кейіннен астықты жеткізіп беру фактісі бойынша есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін 4180 (төрт мың бір жүз сексен) теңге есебімен 900790000 (тоғыз жүз миллион жеті жүз тоқсан мың) теңге сомасына";

2) тармақшаның екінші абзацында "13230 (он үш мың екі жүз отыз) теңгеден кем емес баға бойынша 2106505000 (екі миллиард бір жүз алты миллион бес жүз бес мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 159222 (бір жүз елу тоғыз мың екі жүз жиырма екі) тоннаға дейінгі көлемдегі азық-түліктік жұмсақ бидай астығы" деген сөздер "14700 (он төрт мың жеті жүз) теңгеден кем емес баға бойынша 1789720000 (бір миллиард жеті жүз сексен тоғыз миллион жеті жүз жиырма мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын

төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 121750 (бір жүз жиырма бір мың жеті жүз елу) тоннаға дейінгі көлемдегі азық-түліктік жұмсақ бидай астығы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК